

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін: _____
«Айша» бөбекжайы меңгерушісі:
Хайруллина С.А.

Тақырыбы:

« Қарттарым - асыл қазынам»



«Алақай» ересек тәрбиешісі: Жиренова У.С.

2023 жыл

Мерекенің барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, ардақты ата-әжелер, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі «Қарттарым – алтын қазынам» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Халқымыз:

«Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» – деп бекер айтпаған.

Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз, ақыл-парасаттарыңыз – кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге.

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Балалардың орындауында «Әжем» әні.

Өлеңдер

1-бала:

Атам менің ақылды,

Айтар сөзі нақылды.

Тәрбиесін береді,

Жақсылыққа шақырды.

2-бала:

Әжем менің ақ әжем,

Ақылшысы жан әжем.

Мейірімге толы жан,

Құшағында бал дәурен.

3-бала:

Ата менен әжеме,

Бақыт тілеп жүремін.

Ұзақ жасап әрқашан,

Қуантыңыз біздерді.

4-бала:

Сіздер біздің тірегіміз,

Мақтанышымыз, жүрегіміз.

Дендеріңіз сау болып,

Ұзақ жасай беріңіз!

Би

«Қазақ биі»

Ойын: «Әжемнің орамалы»

Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі берілгенде жүгіріп барып, орамалды алып, басына тағып, кері жүгіріп келеді. Эстафетаны келесі балаға береді.

Ойын: «Атамның таяғы»

Шарты: Балалар қолына таяқ ұстап, кедергілер арасымен жүріп өтіп, қайта оралады.

Көрініс: «Әженің ақылы»

(Әже немересіне үлкенді сыйлау, амандасу, әдептілік туралы ақыл-кеңес береді. Немересі әженің айтқанын орындауға уәде береді.)

Ән

«Атамекен» (балалардың орындауында)

Би

«Көңілді би»

Ойын: «Кім жылдам?»

Ата-әжелер мен немерелері бірге қатысады.

Шарты: Белгілі уақыт ішінде түрлі түсті текшелерден мұнара құрастыру.

Балалардың тілектері

Құрметті ата-әжелер!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаттық пен қуаныш тілейміз.

Әрдайым ортамызда күліп-жүре беріңіздер!

Жүргізушінің қорытынды сөзі

Қадірлі ата-әжелер!

Сіздер – әр шаңырақтың берекесі, әр отбасының алтын дінгегі, ақылдың кені, тәрбиенің бастауысыздар. Ұрпақ тәрбиесіне қосып жүрген еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс білдіреміз.

Бүгінгі мерекелік кешіміз сіздерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады деп сенеміз.

Әр шаңырақта шаттық, амандық, береке орнасын!

Мереке құтты болсын!

Барлығы бірге:

– Қарттарым – алтын қазынам!

Анықтама

Өткен күні: 09.09.2023

тақырыбы: «Қарттарым – алтын қазынам»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Өткізу түрі: Мерекелік ертеңгілік

Анықтамасы

«Қарттарым – алтын қазынам» атты мерекелік ертеңгілік – балалардың ата-әжелерге деген сүйіспеншілігін, құрметін және қамқорлық сезімін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шара. Іс-шара барысында балалар өлең оқып, ән айтып, би билейді, ойындарға қатысып, ата-әжелеріне жылы лебіздерін білдіреді. Бұл мереке ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, үлкендерді сыйлау, олардың ақыл-кеңесін бағалау сияқты ұлттық құндылықтарды дәріптейді.

Мақсаты

Балалардың бойына үлкенді құрметтеу, ата-әжеге ізет көрсету, мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін сіңіру. Отбасылық құндылықтарды насихаттап, ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері

- Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- Ата-әжеге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Отбасылық бірлік пен сыйластықты нығайту.

Қатысқан балла саны: 25